

VI шақырылған Атырау облыстық мәслихатының XXII сессиясының 2018 жылғы 20 маусымдағы № 224-VI "Атырау облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 21 маусымдағы № 331-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 шілдеде № 4434 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 14-бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 587-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес, VI шақырылған Атырау облыстық мәслихаты кезекті XXXII сессиясында ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. VI шақырылған Атырау облыстық мәслихатының XXII сессиясының 2018 жылғы 20 маусымдағы № 224-VI "Атырау облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4194 тіркелген, 2018 жылы 16 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1, 2-қосымшалар осы шешімнің 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Атырау облыстық мәслихатының экология, табиғат пайдалану және аграрлық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Е. Ихсанов) жүктелсін.

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Е. Сапаров
Ө. Зинуллин*

Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы " 21" маусымдағы № 331-VI шешіміне 1 қосымша

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдалану үшін төлемақы ставкалары

№ р/с	Жанама орман пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкасы, теңге
1	Шөп шабу, соның ішінде шабындық жерлердің сапалық жай-күйінің топтары бойынша:		
1.1	Жақсы	га	3344
1.2	Қанағаттанарлық	га	2508
1.3	Нашар	га	1950
2	Мал жайылымы, соның ішінде ауылшаруашылығы жануарларының топтары бойынша бір мал басының жайылымы		
2.1	Түйе	бас	1950
2.2	Ірі қара мал, жылқы	бас	1560
2.3	Ірі қара малдың төлі, есек	бас	780
2.4	Ешкі	бас	1365
2.5	Қой	бас	390
3	Көкініс өсіру, бакша дақылдарын өсіру және өзге ауыл шаруашылық дақылдарын өсіру	га	Салық заңнамасымен айқындалған жер салықтарының деңгейінде

Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы "21" маусымдағы № 331-VI шешіміне 2 қосымша

Аң шаруашылығы, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, туристік, рекреациялық және спорт мақсаттарының қажеттілігі үшін мемлекеттік орман қорының учаскелерін пайдаланудың төлем ставкалары

№ р/с	Пайдалану түрі, соның ішінде мерзімі бойынша	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкасы, теңге
Ұзақ мерзімді орман пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін)			
1	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін туристік, рекреациялық және спорттық мақсаттары үшін пайдалану	га	9627
2	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану	га	1393
3	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін пайдалану	га	2787
Қысқа мерзімді орман пайдалану (1 жылға дейін)			
4	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін туристік рекреациялық және спорттық мақсаттары үшін пайдалану	күнге	0,1 АЕК
5	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану	күнге	0,1 АЕК

